

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 972 қаулысы
«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мүлік Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің теңгерімінен заңнамада белгіленген тәртіппен «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С.Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 6

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 9 7 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілетін республикалық мүлік тізбесі

Р/с	Республикалық мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Толық жабдық жиынтығы бар жол зертханасы	жиынтық	1
2	«Газель» ГАЗ-3221 автомашинасы негізіндегі КП-514 МП жылжымалы жол зертханасы	жиынтық	2
3	Асфальтбетонның реологиялық сипаттамаларын анықтауға арналған жинақтаушы жабдығы бар сынақ кондырғысы	дана	1
4	Асфальтбетон қоспасының үлгілерін дайындауға арналған зертханалық араластырғыш	дана	1
5	Цементтің химиялық және минералды құрамын анықтауға арналған рентгенді спектрометр	дана	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК